

20.12.2012

Рамазан Сағымбеков

## Қазақ қыраны

Бұдан 70 жыл бұрын, 1942 жылдың 19 желтоқсанында қазақ халқының өжет ұлы, жерлесіміз, ұшқыш Нұркен Әбдіров Ұлы Отан соғыс майданында өзінің өшпес ерлігін жасап, аты тарихқа алтын әріптерімен енді. Бұл ерлік талай талантты ақын – жазушылардың, публицистердің шығармаларына арқау болды, сөйтіп, өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухында тәрбиелеуде үлкен үлес болып қосылды. Соның бірі және бірегейі жақында туғанына 80 жылдығын облыс жұртшылығы атап өткелі отырған журналист-ғалым Рамазан Сағымбековтің 1990 жылы облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жариялаған тарихи очеркі деп білеміз. Төменде сол очеркті оқырмандар назарына тағы да ұсынып отырмыз.

Бүкілодақтық комсомолдың Тоғызыншы съезі сол кездегі комсомолец-жастардың алдына әскери білімді меңгеруді кезек күттірмес міндет етіп қойғаны мәлім. Осыған орай осы съезде «Комсомолец, самолетке мін!» деген ұран тасталды. Ал, ол кезде ұран тасталса, оны орындау – парыз еді ғой. Ұран совет жастары тарапынан бірден-ақ қызу қолдау тапты. Жүздеген, мыңдаған комсомол мүшелері Осоавиахимнің аэроклубтарына барып, үйірмелерге жазылды. Соған орай аэроклубтар саны көбейе берді.

Осындай клубтардың бірі Осоавиахимнің қазақстандық Орталық Советінің шешімі бойынша 1938 жылы Қарағанды қаласында жұмыс істей бастаған. Авиация спортшыларын жаттықтыру үшін Ульянов авиация мектебін бітірген білікті ұшқыш Дроздов осы клубтың алғашқы үйретушісі болып келген. Жаңа ашылған үйірменің алғашқы қабылдауына 24 адам қатысты. Олар шетінен жалын атқан, жаңа іске жігерлі жастарды керек еткен қажырлылар мамандығына мейлінше құштар жандар еді. Соған орай олардың бәрі де спорттық аэроклубтың тыңдаушылары болып қабылданды. Ескі қаладағы қазіргі трамвай айналымы жанындағы сол кездегі Құрылысшылар клубы түгелдей осы аэроклубтың билігіне берілді. Міне, Арқа өңіріне таңсық, жаңа өнерге құныға берілген сол тұңғыш жастардың бірі және бірегейі, кейіннен ақиық қазақ қыраны атанған Нұркен Әбдіров еді.

... Аэроклубта алғашқы қабылдау жүріп жатқан. Бұл күн талапкерлердің біразы үшін болашағын анықтап берген, мамандықтарын мүлде өзгертіп жіберген, соған орай аса қуанышты күн болды. Нұсқаушылар мен командирлер болашақ курсанттарға жіті көзбен барлай, сынап қарауда. Ал, болашақ курсанттар бойынан біртүрлі абыржушылық байқалады. Басқаша болуы мүмкін де емес қой. Дәл бүгінгі күні олардың таудай армандарының тағдыры шешілмек.

Дәл осы бір сәттегі қуаныштыларға өзінше қызыға, ал реніш құшағындағыларға бір түрлі аянышпен мүсіркей қарап тұрған нұсқаушы Алексей Колобовтың ойын әлдекімнің:

«Айтыңызшы, мен ертең мұнда қашан келсем екен?»— деген қатты шыққан даусы бөліп жіберді. Нұсқаушы дауыс иесіне қарай жалт бұрылғанда алдында тұрған жас жігітті көрді. Ал, ол болса, қуанғандығынан болса керек, бұған тесіле қарап, қос саусағымен қыса ұстап алған омырау түймесін үзіп алардай болып, ерсілі-қарсылы айналдырып тұр. Салалы саусақтары жас жігіттің жұмысшы адам екенін білдіріп тұрғандай.

Колобов болашақ курсанттарға қатаңдық таныту керектігін еске түсіріп, әскери тәртіппен қысқа, кесе сөйледі:

– Сіз бүгіннен бастап курсантсыз, ал мен – командирмін. Сондықтан да әуел бастан-ақ командиріңмен қалай сөйлесуіңді біліп алуың керек. Түсінікті ме? – деді.

– Иә, түсінікті.

– Түсінсең, онда жарады. Ал, досым, есімің қалай, танысып алғанымыз жөн болар.

– Нұркен...Әбдіров Нұркен боламын.

– Жақсы болды ендеше. Енді біз бұдан былай таныс адамдармыз... Ал ертең тура сағат сегізден қалмай келесің. Алғашқы сабақтарыңда әскери тәртіппен танысатын боласыңдар. Ешқашан да асып-сасушы болма, бауырым. Әлі-ақ бәріне де төселіп, үйреніп кетесің.

1938 жылдың көктемінде әскери нұсқаушы Алексей Колобов пен Қарағандыдағы № 1 шахтаның жұмысшысы, бір кездегі ауыл баласы Нұркен Әбдіров осылайша танысқан еді. Сол күннен бастап әскери өнер-білім жолындағы екі жас әбден достасып алды.

Күндіз жұмыс істеп, кешкілікте оқу, оның үстіне аса көп күш-жігер жұмсауды керек ететін әскери өнерді меңгеру ауыл жасына оңайға түскен жоқ. Әсіресе, бас қатырарлық шым-шытырығы мол, шешуі қиын есептері көп тригонометрия, алгебра, есеп сабақтары қиынға түсті. Ал, оларды еркін игеріп алмайынша самолет сияқты күрделі техниканы меңгеру мүмкін емес.

Дәл осы тұста Нұркеннің және бір қанатты арманы, көптен соңына түссе де, қолын жеткізе алмай жүрген арман құсы қолына келіп қонғандай болып еді... Нұркен заң қызметкері болуды, әділдік жолындағы қиын күреске өзінің бүкіл өмірін арнауды көптен аңсайтын. Енді, міне, Қазақ ССР-інің прокуроры И.Баранов қол қойған «Нұркен Әбдіров жолдас Қарағанды қаласындағы Сталин аудандық халық тергеушісі

болып бекітілсін» деген сөзі шағын, бірақ салмағы мығым бұйрығымен танысып, өзіне «Қарағанды қаласындағы қалалық прокуратура тергеушісінің еңбекақысы тағайындалғандығы» туралы бұйрық та қолына тиген болатын.

Өзін әбден баурап, бірден қызықтырып әкеткен екі бірдей өнер жолына түсті Нұркен сонымен. «Екі бірдей кеменің құйрығын ұстаған суға кетедінің кебін киіп жүрме», – деп әзілдегенді шығарды достары. Оның өзі де осы қауіптен шындап секем алады, шындап қорқады да. Алайда, арман соңындағы жас сол арманының шыңына шығарына сенімді. «Арманымның құйрығынан ұстағаным рас екен, олардан көзім тіріде не қылса да айрыла қоймаспын». Ал енді Нұркенге осы екі бірдей арманына жету оңайға түсіп жүрген жоқ. Жасында бұйығылау болып өскен ауыл жасына әрі оқу оқып, әрі жұмыс істеу, шынында да, қиын-ақ. Еркіндікке, жайбасарлыққа бейімдеу жас үшін соншалықты катал болмағанымен әскери тәртіпке төселіп кету де оңай шаруа емес.

Қалай болған күнде де аэроклубтағы теориялық курс біршама игеріліп, нақты практикалық іске көшетін мерзім таяған-ды. Өне-міне дегенше әуе кемесінің штурвалына отырып, аспанға көтерілер күн де келіп жетті. Самолетті тікелей басқарып аспанға көтерілер күннің алдындағы түнді аса мазасыз өткізді Нұркен. Сүйікті анасы Бағжан мен қамқор әкесі Әбдірде де маза болмады. Қанша дегенмен аспанға көтерілу бар да, аман-есен жерге оралу бар ғой. «Шырағым-ау, атаң қазақ аспанға көтеріліп көріп пе еді, жер басып аман жүргенге не жетуші еді?» – деп құдайдың атына да жүгініп көрді. Әкесіне де осы тектес тілекті айтқызды. Өзі сыйлайтын, тілін алатын адамдарының біразына да айтқызды. Бірақ алған бетінен қайтқан Нұркен болған жоқ. Ақыр соңында бәріне мойынсұнған ғазиз ана да «ақсарбасын айтып, құдайына сыйынып» қала берген-ді. Енді, міне, қиын сынаққа әзірленген Нұркен де, бала тілегі үстіндегі ата-ана да ұзақ түнді ұйқысыз өткізді. Таң қылаң бере орнынан тұрып, киініп алған Нұркенге әдеттегідей бапты шайды Бағжан шешей зорлағандай ғып ішкізді де, құдай қосқан қосағы Әбдірмен бірге ере шығып, біраз жерге шығарып салды:

– Әйтеуір болмадың ғой, құлыным, енді сол алған бетіңнен жарылқасын бір жасаған ием. Мына жаман әкең екеуіміз екі көзіміз төрт болып аман оралуыңды тосамыз, шырағым. Мен не дейін енді саған, әйтеуір «сақтансаң ғана сақтаймын» деген бар ғой, сақ болғайсың қашанда...

Ұшу-тәжірибе алаңына асыға жеткен Нұркен ешкімді де кездестіре алмады. Әзірше жинала қоймаған екен. Ұшу алаңында ұша жөнелгендей жағдайға дап-дайын болып тұрған самолёттер ғана. Біртіндеп курсанттар да, ұшқыш командирлер де келе бастады. Әп-сәтте-ақ бәрі тізілген қаздай болып сапқа тұрды. Міне, команда да берілді. Нұркендер самолетінің жанына жетіп, кабинадан орын алды. Ұшар алдындағы тексерістерді тез-тез жасап, моторға от алғызды. Аэродромды бір рет айналып та шықты. Екінші айналым тым сәтті де сапалы болған сияқты. Оның бұл ойын жерге қонғаннан кейін жанына келген нұсқаушы-командирі Алеша Колобовтың көңіл күйі де айғақтай түскендей еді.

– Жағдайың қалай? Көңілің орнына түсті ғой деймін... Бағана бірінші айналып шыққанда-ақ айқайлап жібердің-ау деймін. Әлде ән салдың ба?

– Е-е-е, сен саусағыңды көрсетіп, жымығанға дейін жым болып отырдым емес пе? Сен күлген соң менің де көңілім көтерілді ғой...

– Ал, қалай екен, енді «кетем, қоям» дегендеріңді қоятын шығарсың? Әлде, әлі де көңілің күпті ме?

– Е-е-е, жо-ғ-ға, ол не дегенің? Енді маған бұл кәсіпті ешқашан да тастата алмассың! Мен енді сынақшы-ұшқыш боламын, қашан айттың деп жүрме.

Ендігі жерде Нұркен Алеша Колобовтың жетекші-басшылығымен өзінің ұшу, самолетті басқару шеберлігін арттырудың жолына түсті және шындап түсті. Ендігі жерде ол парашютпен секіру ісімен айналысып кетті. Бұл істе оған және бір жас жігіт – нұсқаушы Дмитрий Милаш көмекке келді. Соның нәтижесінде парашют спортында да Нұркен нәтижелі болды. Сол арқылы 1940 жылдың жазында Қарағандыда өткізілген үлкен авиация мерекесінде өнер көрсеткен санаулы курсанттардың қатарында бірер жігітпен бірге Нұркен де болды. Ол парашютпен аспанда қалықтап біраз жүрген кезде бірнеше фигуралар жасап көзге түсті. Бәрінен де өнер көрсетіп жерге түскен оны Қарағандының қарт халық ақыны Доскей Әлімбаев құттықтаған кезде Нұркеннің төбесі көкке аз-ақ жетпей қалған шығар. Жас қыран, ержүрек өнерпазға арнап шығарған елдің сүйікті ақыны Доскейдің шабыттты жыр жолдарын қарағандылық қауым көпке дейін әнге, домбыраға қосып түрлі бас қосуларда айтып та жүрді. Кейінгі Нұркен жасаған ғаламат ерлік кезінде бұл жыр ерекше жарқын әуенмен қайта туғандай болып, ел аузында жатталып кеткен еді.

Аэроклубта жүріп, ұшқыштық өнердің қыры мен сырына біраз қаныққандай болған Нұркен кешікпей Чкалов авиация училищесіне қабылданып, соғыс самолетін меңгеруге кірісіп кетті. Әуе шабуылдарының сан қилы құпияларын бүге-шігесін қалдырмастан, шындап меңгеруге бар күш-жігерін жұмсады. Елгезек те зерек жас оқытушы- нұсқаушылардың, командирлердің айтқандарын екі етпей, кезіндегі барынша ұшқыр, жау үшін мейлінше сұсты, жауынгер әуе кемелерін, шабуылшы самолеттер – истребительдерді шебер меңгеріп алды. Әуе шабуылдарына жаттығулар кезінде, қарсы шабуылдар жасау, түрлі маневрлер кезінде Нұркен өзінің курстас достарының арасында алғырлығымен, өте іскер де жіті шешімдерге дереу бара алатындығымен ерекше көзге түсіп, үздік бағалар алып жүрді.

Осылайша өз қатарының алды, озаты атанған Нұркен Әбдіров – бір кездегі үлгілі комсомол мүшесі, енді Коммунистік партия қатарына өтіп саналы да белсенді коммунист болған еді. Ол училищені де үздік бітіріп шықты. Сержант атағы беріліп, штурмовик-ұшқыштар қатарына қосылды. Осы училищені қысқартылған программамен бітіріп шыққан ол бірден өзінің бір топ әріптестерімен бірге майданға аттанды.

...Олар майданға келген кез зұлым жаудың кең-байтақ жерімізге бойлай еніп, бейбіт халқымызды қырып-жойып жатқан тұсы болатын. Нұркендер құрамына ұшқыштар болып қосылған №808 шабуылшы авиациялық полк Оңтүстік-Батыс майданның №267 шабуыл жасайтын авиациялық дивизиясының құрамында болатын. Шетінен әлекедей жаланған, дайындығы күшті жас жігіттер зұлым жауға, бірден-ақ қырандай тиіп кетті. Алғашқы жауынгерлік тапсырмасын 1942 жылдың октябрінде ғана орындаған сержант Нұркен Әбдіров өзінің декабрь айындағы қайталанбас ерлігіне дейінгі аралықта он алты рет соғыс тапсырмасын орындауға ұшып шықты. Жауынгерлік тапсырмаларды орындаған осы әуе ұрыстары кезінде ол жаудың 12 танкісін, 28 жүк машинасын, оқ-дәрі тиелген 18 машинасын, жанармай тиелген 3 цистернасын, 3 зеңбірегін жойып үлгерді. Ол осы ұшулары кезінде қанішерлер армиясының елуден астам солдатты мен офицерлерін қырып тастады. Бейбіт ауылдың қой баққан момын баласын тағдыр осылайша адам өмірін киноға бастады. Оған адамға қарай оқ ату оңайға түскен жоқ, әрине. Қанішер жендеттердің қаныпезерлік істері оны осылай жасауға мәжбүр етті. Елін, жерін қорғаған азамат осылай жасауға мәжбүр болды. Ол қайраттана аттанып, достарының арасына аман оралмаған ақтық сапарына дейін осындай бір адамның өміріне жетерлік істер тындырып үлгерген еді. Ол өзінің ақтық, қайталанбас сапарына, Ұлы Отан соғысының тарихына алтын әріптермен жазылған Ұлы Ерлігін жасап, өзінің Айшықты мезетіне көтерілген сапарына 1942 жылдың 19 декабрінде ұшып шыққан еді.

...Иә, декабрьдің он сегізі күнгі кеште бірінші гвардиялық механикаландырылған корпусның бөлімшелері Астахованы жаудан азат етті де, ертеңіне таң алаң-елеңде, таң сәулесімен таласа Коньки мен Боково елді мекендері үшін ұрысты бастап кеткен еді. Алексеевке бағынатын төрт самолеттің экипаждары Боково-Пономаревка ауданындағы жаудың берік бекінген шебінде топтасқан танкілерін, жаяу әскер бөлімдерін, артиллериясын жоюға тапсырма алды. Машиналар соңғы рет тексеруден өтті. Командалық пунктпен екі арадағы радио байланысы тексерілді. Ұшқыр «ИЛ»-дер объектіге де аттанып кетті. Нұркеннің экипажы артта келе жатқан қорғаушылардың міндеті солардың үлесінде болатын. Жау, сірә, совет самолеттерін дәл қазір күтпеген болса керек, әйтеуір бұларды бірден байқай қоймады. Тек қана алғашқылары шепті кесіп өтіп, төбелерінен бомбаларын тастай бастағанда ғана зенит қондырғылары ұйқыдан ояғандай-ақ алғашқы снарядтарын олардың соңын ала жолдай бастады.

Алексеевтің машинасынан жау танкілеріне қарай құйылған ажалды оқ тізбектерін Нұркен анық байқап, көріп келеді. Командирдің жасағандарын басқалары да қайталады. Іле-шала Нұркеннің самоләті де пулеметтерінен ажал оқтарын төгіп-төгіп жіберді.

Екінші шабуыл да сол бастапқы бағытта қайталанды. Алексеевтің мұнысы оның өзінің басын жұтарлықтай, басқаларға үлкен қатер тудыарлықтай үлкен қателігі болды. Ол бірінші шабуылдан кейін атыс позициялары сиреп әбден әлсіреді, демек, енді бізге бәлкендей дерлік қарсылық көрсете алмас деп ойлаған еді. Ал, іс жүзінде бұған керісінше болып шықты. Алғашқы шабуыл кезінде әбден абыржып қалған жау позициясы дереу ес жинап, шабуылшыларды зенит зеңбіректерінің қалың оғын бората қарсы алған еді.

Штурмовиктер мұндай жағдайдағы бірден-бір дұрыс амалға — жер бауырлай ұшу әдісіне көшті. Самолеттің штурвалын өзіне қарай қатты қысып ұстаған Нұркендер жау шебіне ажал оқтарынан нәсер төгумен болды. Бастаушыдан көз алмай, соның әр қимылын жіті қадағалады, әуе толқынындағы бұйрық сөздерін мүлт жібермей, оның бәрін де мүлтіксіз жүзеге асыруға жанын салып, бар күш-жігерін соларға арнады.

Жау жағы да қарап жатқан жоқ еді. Зениткалардың атқан оқтары бірте-бірте дұрыс бағыт тауып, нысанаға дәл тие бастаған-ды. Тіпті, барған сайын дәлме-дәл, барған сайын жақындай түсіп, тіпті тым жақыннан жарыла бастағандай болды. Оң жағын ала, өзінен сәл биікте және алдына қарай Вычугжаниннің самоләті келеді. Оны жан-жағынан кезекпе-кезек жарылған «снаряд шептері» мүлде бұлтартпастай етіп қоршап алған. Нұркеннің самоләті алдыңғы самоләтті көздей атып жатқан батареяға төне түсіп, жақындап та қалды.

– Шыда, Петя! Көмекке жақындап келіп қалдым. Шыда, достым! – Солай деді де, машинаның бар қуатын, бар жылдамдығын іске қосып батареяға қарай шүйіле жөнелді. Пулемет оқтарымен бір зеңбіректің рәсәтін жойып та жіберді. Дәл осы сәт жоғары қарай мақтана көз тіккен Нұркен жан ұшыра айқайлап жіберді. Петр Вычугжаниннің самоләті от-жалынға оранып, төмен қарай құлдилап құлап бара жатыр екен.

Өзін әрең деп тоқтатып, сабырға жеңдіргендей болған Нұркен самоләтін қайтадан жаңа шабуылға бастай жөнелді. Пулеметтер мен зеңбірек оқтары бірнеше автомашинаны жайратып та үлгерді сол сәтте. Кезекті маневр жасамақ оймен самоләтін жоғары бағыттаған Нұркен жолға түсіп алып, жөңкіліп бара жатқан бір топ жау танкісін байқап қалды. Соларға шабуыл жасау үшін Нұркен тағы да биікке көтерілуді ойлады. Осы сәт Алексеевтің машинасын жарқырауық оқтар легінің айқыш-ұйқыш тескілеп өткенін көрді. Сол секундта өз машинасы да солқ ете түскен еді, оң қанатының астынан снаряд соғып өткендей болды... Жау зенитшілері енді бастаушы командирдің «ИЛ»-інің соңына түсіп алды. Нұркен командир машинасының басқару аппараты істен шыққанын түсінді. Шынында да самоләт Алексеевтің ырқына көнуден қалған еді. Соңына ерген ұшқыштарға: «Әркім өз еркінше әрекет жасауға көшсін!» деп команда берген Алексеев самоләтін аэропортқа қарай бұрмақ болып еді, онысынан еш нәтиже шықпады, самоләті төмен қарай шаншыла құлады. Байырғы командир, тамаша ұстаз, аяулы дос Борис Алексеев қаза болды!

Нұркен дос қазасынан ес жинап үлгерген де жоқ, оның өз машинасы да дәл тиген келесі снарядтардан түтін мен жалын құшағына бөленді. «Ала алмайсыңдар, сұмырайлар, берілмеспін ешқашан!». Айқай сала ұмтылған Нұркен самоләтін шұғыл бұрды да, төмен қарай шүйілді. Тағы бір танк лап етіп жанып, қалт

тұрып қалды. Пулеметчигі Саша Комиссаров та жаудың жаяу әскеріне пулеметтен оқ боратып жатты. Жоқ, нысана жойылмай, оқ-дәрі бітпей, олар кері қайтпақ емес! Кезекті шабуылдан оралмаған әр азаматтың, әсіресе, досы әрі командирі Алексеевтің өмірі үшін фашист жендеттер ондаған, жүздеген адам өмірмен қоштасуға тиіс. Тек сонда ғана кек алынып, есе қайтатын болады!

Көзі қанталап, әлдебір ғажайып қаталдық пайда болды осы сәт Нұркеннің бойында. Ол жау шебін шабуылдаған үстіне шабуылдай берді. Онымен қанаттас, жақын маңдағы Алексей Писанко да, Сергей Вандышев та жексұрын жауға күйрете соққы беріп жүрді.

Оң жақ қанат астынан әлдененің сықырлап сынған дауысы естілгендей болды. Сол сәтте самолет қатты шайқалып кетті де, дереу жана бастады «Бітті» деген ой сап ете түсті.

– Саша, секір парашютпен!

– Қайда секіремін? Ондайды ойыма да алман!

– Секір! Аман қаласың ғой... Секір, бұйырамын!

– Бұйрығыңды орындамауға рұқсат ет, Нұркен... Анталаған мына жаудың қолына түскеннен гөрі өзіңмен бірге опат болған артық. Өтініп сұраймын, ондай сөзді енді қайтып айтпашы маған! Тек өзіңмен ғана...

Жалын тілі кабинаға да жетіп қалды. Машина басқарудан қалып барады.

– Нұркен! – Шлемофоннан Писанконың ащы дауысы естілді. – Шық тез машинаңнан! Секіруге дайындал! Естисің бе мені? Мен қорғауға дайынмын...

– Қош бол, Лёша! Мені білетіндердің барлығына сәлем! Мен үшін құшақтап сүй бәрін де! Қарағандыға хат...

Түтін мен от жалыны түк көрсетпей тұрса да Нұркен танктер шоғырындағы бензин таситын екі алып машинаны көріп қалды. Көрді де, маздай жанған самолетті солай қарай бұрды.

– Ал, Саша, қош! Секіргенде аман қалатын едің, оған көнбедің... Енді өкінбе, қош! Өлсек те жастығымызды ала өлейік, мен сонымыз дұрыс болар деп ойлаймын. Тағы да, қош! Ал сыбағаларыңды, жексұрындар!

Жер де жақын қалды. Алып снарядқа ұқсаған «қара тажал» фашист танктеріне найзағайдай төніп келеді. Гүрс еткен қатты жарылыс естілді бір сәт. Сәлден соң бәрі де тына қалды. Айнала төңіректе жым-жырт тыныштық орнады.

...Алексей Писанко самолетін тұман арасында келе жатқандай-ақ әрең басқарып келеді. Көзінен ыстық жас сорғалауда. Самолетін әрең деп жерге қондырып, кабинадан шықты да, жүгіре жеткен жолдастарының алдына құлап түсті. Одан ешкім ештеңе де сұрамады. Орны толмас оқиға болғаны онсыз да мәлім еді...

Бұл қазаға басқа достарымен бірге, әсіресе, Нұркеннің жерлес досы Сергей Вандышев қатты қайғырды. Ол сол жолы өзінің досы Нұркен үшін, Отан үшін фашистерден кек алуға серт берген еді.

– Сол күннен 1944 жылы самолетім өртеніп, жау қолына түскенге дейінгі мерзімде жалпы саны 150-ге тарта жауынгерлік тапсырма орындауға ұшып шықтым. Тапсырма ойдағыдай орындалып, аман оралған әр жолымда менің Нұркен досым қасымда болып, ұрысқа бірге қатысқандай сезінуші едім,– деген еді өз досы жайлы естелік әңгімесінде майдангер ардагер, запастағы майор Сергей Иванович Вандышев. Өз досының жаумен ақырғы шайқасы, жауынгер жолдасының соңғы күндердегі іс-әрекеттері жайлы, оның жерлестеріне, туған-туыс, дос жарандарына жеткізген де сол Сергей Иванович болатын.

...Міне, аспанға атылып шығып, жауын өртер жалын болып оралған, сол арқылы елінің, сүйікті де айбынды Арқасының ардақтысына, аяулы азаматына, аспандағы жұлдызына айналған Нұркен Әбдіров туралы қысқаша ғана айтарымыз осы...

«Жылдарға алыс жеткендей,

Осы бір жалын мәңгілік.

Жүрегін ерлер кеткендей,

Осында от қып қалдырып», – деп арқалы ақынымыз, майдангер азаматымыз Сырбай Мәуленов осы ақиық қыранымыз, Совет Одағының Батыры Нұркен Әбдіров жайлы жырлаған дейміз. Нұркеннің алып жүрегі, нәзік жүрегі Қарағанды көшесінде мәңгілік От болып лаулап жанып тұр. Мәңгілік отқа барып, гүл шоғын қойған әрбір қарағандылық жерлесі, ең алдымен, сол Нұркенін еске алады әр жолы.